Қаралды: [illegible]

«Толағай» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Түстер әлеміне саяхат»

(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Өткізген тәрбиеші: Джауметбаева Т. А

Қараша 2026 жыл

Сканировано с CamScanner

Білім беру саласы: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы: «Түстер әлеміне саяхат»

Тобы: Кіші топ (2 жас)

Мақсаты: Балалардың негізгі төрт түсті (қызыл, сары, көк, жасыл) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру, түстерді сәйкестендіру арқылы танымдық қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- Қызыл, сары, көк, жасыл түстерді ажыратуға үйрету;
- Заттарды түсіне қарай топтастыру және сәйкестендіру дағдыларын дамыту;
- Ойын арқылы балалардың сөздік қорын, ойлау қабілетін және ұсақ моторикасын дамыту;
- Бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Интерактивті тақта, түрлі-түсті дөңгелектер, жұлдызқұрт бейнелері, қызыл алма, көк көлік, сары күн, жасыл түсті түймелер.

Іс-әрекеттің барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

– Қане, бәріміз шаттық шеңберіне тұрайық!

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,
Көкке шуақ шашылып.
Қол ұстасып бәріміз,
Дос болайық бәріміз!

– Жарайсыңдар, балалар! Бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз. Ол қандай саяхат екенін білгілерің келе ме?

Балалар: Иә!

– Ендеше, бәріміз экранға қарайық!

II. Негізгі бөлім

1. «Түстер әлеміне саяхат»

Интерактивті тақтадан әдемі, түрлі -түсті әлем бейнесі шығады.

Тәрбиеші:

– Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі әлем! Бұл – Түстер әлемі. Мұнда бізді түрлі -түстер күтіп тұр. Кәне, саяхатымызды бастайық!

2. «Қызыл алманың тапсырмасы»

Экраннан сөйлейтін қызыл алма шығады.

Алма:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен қызыл алмамын! Маған қызыл түсті заттарды тауып жинауға көмектесіңдерші! Сендер қызыл түсті заттарды таба аласыңдар ма?

Сканировано с CamScanner

Тәрбиеші:

– Балалар, алма бізден көмек сұрап тұр. Қызыл түсті заттарды тауып береміз бе?

– Қараңдаршы, мынау қандай түс?

Балалар қызыл түсті заттарды тауып, жинайды.

3. «Көк көліктің тапсырмасы»

Экраннан сөйлейтін көк көлік шығады.

Көлік:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен көк көлікпін! Маған көк түсті заттарды тауып беріңдерші! Көмектесесіңдер ме?

Тәрбиеші:

– Балалар, көк көлікке көмектесеміз бе?

– Кәне, көк түсті заттарды тауып берейік!

Балалар көк түсті заттарды жинайды.

4. «Сары күннің тапсырмасы»

Экраннан күлімдеген сары күн шығады.

Күн:

– Сәлеметсіңдер ме, балақайлар! Мен жарқыраған сары күнмін! Маған сары түсті заттарды жинауға көмектесіңдерші! Сендер өте ақылды балаларсыңдар ғой!

Тәрбиеші:

– Балалар, күнге көмектесеміз бе? Сары түсті заттарды тауып берейік!

Балалар сары түсті заттарды жинайды.

5. Қимылды ойын: «Жұлдызқұрттың денесін тап»

Тәрбиеші балаларға түрлі- түсті дөңгелектер мен жұлдызқұрттардың бастары бейнеленген суреттерді көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа жұлдызқұрттар келіпті. Бірақ олардың денелері жоқ екен. Оларға көмектесеміз бе?

– Мынау қандай түсті жұлдызқұрт?

– Қызыл!

– Ендеше, қызыл түсті дөңгелектерді қызыл жұлдызқұрттың басының астына орналастырайық.

– Ал мынау қандай түсті?

– Сары!

– Сары дөңгелектерді сары жұлдызқұртқа жапсырайық.

Балалардың әрекеті: Балалар түстеріне сәйкес дөңгелектерді таңдап, жұлдызқұрттардың денесін толықтырады.

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар! Жұлдызқұрттарымыз қандай әдемі болып кетті!

Сканировано с CamScanner

6. «Аюға көмектесейік!» дидактикалық ойыны

Интерактивті тақтадан аю шығады.

Аю:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен аюмын! Маған көмек керек! Мен түймелерімді жоғалтып алдым. Түймелерімді табуға көмектесесіңдер ме? Өтінемін, балалар!

Тәрбиеші:

– Балалар, аюымыз түймелерін жоғалтып алыпты.

Аюға көмектесеміз бе?

Балалар: Иә!

– Балалар, аюымызға көмектесу үшін екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ аюдың суретіндегі бос түймелерді бояйды. Ал екінші топ аюдың киіміне дайын түймелерді жапсырады. Кәне, аюға көмектесейік!

Балалардың әрекеті:

- **1-топ:** Аюдың суретіндегі бос түймелерді жасыл түспен бояйды.
- **2-топ:** Дайын жасыл түсті түймелерді аюдың киіміне жапсырады.

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар, балалар! Аюдың түймелерін тауып бердік.

-Балалар аюдың түймелері қандай түсті екен?

- Жасыл

-Дұрыс айтасыңдар жасыл түсті екен! Қарандаршы аюымыз қуанып қалды!

Аю:

– Рақмет, балалар! Сендер маған көп көмектестіңдер! Өте ақылды, мейірімді балалар екенсіңдер! Сау болыңдар!

III. Қорытынды бөлім

Педагог:

– Балалар, бүгін біз қайда саяхатқа бардық?

– Бізге кімдер кездесті?

– Қандай түстермен таныстық?

– Кімге көмектестік?

– Жарайсыңдар! Бүгін сендер барлық тапсырманы өте жақсы орындадыңдар. Достарыңа көмектестіңдер, түстерді ажыраттыңдар.

Қорытынды мадақтау:

– Сендер бүгін нағыз көмекші, ақылды балалар болдыңдар! Саяхатымыз аяқталды.

Күтілетін нәтиже:

- Қызыл, сары, көк, жасыл түстерді ажыратады;
- Заттарды түсіне қарай сәйкестендіреді;
- Ойын тапсырмаларын педагогтің көмегімен орындайды;
- Қарапайым сөздерді түсінеді және қолдануға талпынады.

Сканировано с CamScanner











Сканировано с CamScanner